

Тақырып 9. “Кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелері”

1. Қаржы бөліну және жинақтау құралы ретінде

2. Қаржылық талдау және кәсіпорын қаржысын үйлестіру

Сабақтың мақсаты – кәсіпорын қаржысы, компаниялардағы кәсіпорын қызметінің қаржылық нәтижелерін, кәсіпорын пайдасы мен шығындарының мәнін қарастыру, фирманың қаржылық жағдайын талдау әдістемесімен танысу

Негізгі тұжырымдамалар

1. Қаржы бөліну және жинақтау құралы ретінде

Ең алдымен қаржы ұғымына түсінік берейік

Қаржы дегеніміз — компания (мемлекет) қажеттіліктеріне ақша жұмсау кезінде пайда болатын арнайы экономикалық қатынастар.

Қаржы негізгі үш топқа бөлінеді — мемлекеттік қаржы, корпоративтік қаржы және жеке отбасының қаржысы.

Мемлекеттік қаржы мемлекеттің қажеттіліктеріне ақшамен қамтамасыз ету үшін қажет (Республикалық және жергілікті бюджет, ұлттық қор).

Корпоративті немесе **кәсіпорын қаржысы** деп фирманың иелігіндегі барлық ақша қаражаттар жиынтығын, сондай-ақ оны қалыптастыру, бөлу және пайдалану жүйесін айтамыз.

Кәсіпорынның қаржы ресурстарын пайдалану – бұл белгілі бір нәтижеге жету үшін қаржылардың түрлеріне әсер ететін мақсатты бағытталған әдістер, операциялар мен тәсілдердің жиынтығы.

Кәсіпорынның қаржы ресурстары – бұл қаржылық міндеттемелерді орындауға және кеңейтілген өндірісті қамтамасыз ету бойынша шығындарды жүзеге асыруға бағытталған кірістер және сыртқы түсімдер нысанындағы ақшалай қаражаттардың бір бөлігі.

Қаржы ресурстары пайда болуына байланысты **ішкі (меншікті) және сыртқы (тартылған)** болып бөлінеді. Өз кезегіне ішкі қаржылық ресурстар пайда және амортизация түрінде, міндетті төлемдерді (салықтар, жинақтар, айыппұлдар, пайыздар және басқа да төлемдер) алып тасталғаннан кейінгі кәсіпорын табысы болып табылады.

Ссудалық капитал – бұл қайтарымдылық және төлемдік шартында қарызға берілген ақшалай капитал. Ссудалық капитал кәсіпкерлік капиталға қарағанда кәсіпорынға салынбайды, ол пайыз алу мақсатында оған уақытша қолдануға беріледі.

Бұл бизнес түрімен мамандандырылған несиелік қаржылық институттар айналысады (банктер, несиелік мекемелер, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары, инвестициялық қорлар және т.б.).

Кәсіпорынның барлық қаржылық ресурстары мерзіміне байланысты қысқа мерзімді (бір жылға дейін) және ұзақ мерзімді (бір жылдан астам) болып бөлінеді.

2. Қаржылық талдау және кәсіпорын қаржысын үйлестіру

Кәсіпорынның қаржы жағдайы - кәсіпорынның белгілі бір кезеңдегі қаржылық тұрақтылығын және оның өзінің қарыз міндеттемелерін уақытылы өтеу үшін қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілуін көрсетеді.

Қаржылық жағдайды талдау төмендегілерден тұрады:

- Кәсіпорын активтерінің құрылымдық және құрамдық динамикасын талдау

- Кәсіпорын активтерінің қалыптасу көздерінің құрамы мен динамикасын талдау

- Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының абсолюттік және салыстырмалы көрсеткіштерін талдау

- Баланс өтімділігін талдау

- Кәсіпорынның төлем қабілеттілігін және несиелік қабілеттілігін талдау

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдауда бухгалтерлік баланс, пайда мен шығындар туралы қаржылық есеп беру нысандары, балансқа қосымшалар пайдаланылады.

Бухгалтерлік баланс – есепті жылдың басындағы және соңындағы кәсіпорынның қаржылық жағдайын сипаттайды және маңызды қызметтерді атқарады.

Бух баланс 2 бөліктен тұрады: Актив, Капитал және міндеттемелер

- Актив - кәсіпорынның мүліктері.

- Капитал және міндеттемелер – кәсіпорын мүліктерін қаржыландыру көздері болып табылады.

Пайда мен шығындар туралы қаржылық есеп беру нысанында компанияның есепті жылы түскен табыстары, шығындары, пайдасы туралы мәліметтер беріледі.

Табыс – қаржының келуі немесе активтердің құнының өсуі, немесе пассивтердің азаюы түріндегі экономикалық пайданың ұлғаюы

Таза пайда- бұл операциялық қызметінен түсетін пайдадан әр түрлі шегерімдер, салықтар және басқа төлемдер шегерілгеннен кейін кәсіпорында қалатын ақша.

Таза пайда-бұл өндірістік процестерді қаржыландыру көзі.

Ол резервтік қорларды қалыптастырады және оның есебінен айналым капиталы артады.

Таза пайда көлеміне әсер ететін негізгі факторлар:

- салықтық және өзге де төлемдердің мөлшері;
- компанияның тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен кірістері;
- өзіндік құн.

Пайданың қызметтері:

1. Инвестициялық шешімдерді қабылдау негізі
2. Компания қызметінің жетістігінің өлшемі
3. Түскен табыстың бөлігі өзін өзі қаржыландыру және даму көзі болып есептеледі
4. Таза табыстың (пайданың) бөлігі капитал иесіне сыйақы түрінде түседі.

Табыстылықтың абсолютті көрсеткіштер:

1. Өнімді өткізуден түскен табыс = өндірілген өнім (қызмет, жұмыс)* өнімдердің бағасы
2. Жалпы табыс = Өнімді өткізуден түскен табыс – Өзіндік құн
3. Операциялық қызметтен түсетін табыс = Жалпы табыс – кезең шығыстары (коммерциялық шығыстар, пайыз бойынша төлемдер, жалпы және әкімшілік шығыстар)
4. Басқа да табыстар (кәсіпорын мүліктерін сатудан, жалға беруден түсетін табысы, бағалы қағаздарды сатудан түсетін табысы, т.б.)
5. Салық салғанға дейінгі пайда = Операциялық қызметтен түсетін табыс+ Басқа да табыстар
6. Жиынтық пайда= Салық салғанға дейінгі пайда – корпоративті табыс салығы

Табыстылықтың салыстырмалы көрсеткіштеріне рентабельділік (табыстылық) көрсеткіштері кіреді. Оны алдағы сабақтарда қарастырамыз.

Пайданы арттырудың маңызды факторлары болып келесілер жатады:

- қызмет көлемін өсіру;
- сапалы өнімдерді өткізу;
- өткізілген өнім ассортименттерін кеңейту;
- еңбек өнімділігін арттыру.

Сатудан түсетін пайданы арттыру мен шығындарды төмендету үшін айналым шығындарының өсімін болдырмау қажет, оларды қалыпты жағдайда ұстап тұру керек. Осы айналым шығындарының өсімі сату рентабельділігін төмендетеді.

Кәсіпорынның дебиторлық және кредиторлық қарыздардың жағдайы, олардың мөлшері мен сапасы оның қаржылық жағдайына күшті әсер етеді.

Қаржылық жағдайды жақсарту үшін келесілерді орындау қажет:

- дебиторлық және кредиторлық қарыздарды қадағалау қажет;
 - мерзімінен өтіп кеткен қарыздарды бақылау қажет;
 - жабдықтаушылармен есептесуді жақсарту жолдарын анықтау;
 - жеңілдікпен тауарларды сатып алу және кеңейтуді анықтау;
- қарыздардың пайда болу себептерін детальді талдау қажет.

Кәсіпорынның қаржылық талдау көрсеткіштері оның ағымдағы жағдайын, мүмкіндіктері мен проблемаларын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл құнды ақпарат қазіргі басқару шешімдерін қабылдау үшін де, стратегияны әзірлеу үшін де қолданылады.

Бұл стратегиялық жоспарлаудың негізі болып табылады, менеджерлерге кәсіпорынның алдағы дамуының ресурстары мен бағыттарын анықтауға, оның күшті және әлсіз жақтарын табуға көмектеседі.

Қаржылық коэффициенттерді талдау кәсіпорынның мақсаттарына қол жеткізудің оңтайлы жолдарын анықтау мақсатында жүзеге асырылады, мысалы, іскерлік белсенділікті арттыру – активтердің айналымы, өтімділік пен қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету, кәсіпорынның табыстылығын арттыру.

Қаржылық талдау көрсеткіштерінің негізгі топтары қаржылық талдауда 200-ден астам коэффициенттер қолданылады.

Олардың барлығы компания қызметінің 4 негізгі тұстарын сипаттайды:

- өтімділік
- активтердің айналымы
- рентабельділік
- нарықтық құн

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Давильбекова Ж.Қ. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқулық / Ж. Қ. Давильбекова; Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық университеті. - Электрон. текстовые дан. (4,91 Мб). - Алматы : ҚазҰТУ, 2014. - 251 б.

2. Еркебалаева, В. З. Кәсіпорын экономикасы [Электронный ресурс] : оқу құралы / В.

3. Еркебалаева, Е. А. Қожабеков, Е. А. Бакиров. - Электрон. текстовые дан. (5,53 Мб). - Шымкент: Әлем, 2017. - 212 б.

3. Экономика предприятия (организации) [Электронный ресурс] : учебник / О.В. Баскакова, Л.Ф. Сейко. — Электрон. дан. — Москва: Дашков и К, 2017. — 372 с. — Режим доступа: <https://e.lanbook.com/book/93428>

4. Куатова Д.Я. Экономика предприятия: практический курс: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Дәуір». – 2015.

5. Экономика предприятия: учебник. Практикум / В.Д. Грибов, В.П. Грузинов. - 7-е изд., перераб. и доп. — М.: КУРС: ИНФРА-М, 2017. — 448 с. - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>

6. Экономика предприятия: учеб. пособие / О.И. Волков, В.К. Складенко. — 2-е изд. — М.: ИНФРА-М, 2016. — 264 с. — (Высшее образование: Бакалавриат). - Режим доступа: <http://znanium.com/catalog>

7. The Economics of the Modern Construction Firm. Stephen L. Gruneberg and Graham J. Ive First published 2000 by MACMILLAN PRESS LTD Houndmills, Basingstoke, Hampshire RG21 6XS

Тақырып бойынша тест сұрақтары:

1.Кәсіпорынның таза пайдасы дегеніміз?

- А) Негізгі қорлар құны мен тиімділігі
- Ә) Өнім көлемі мен шығыны
- Б) Кәсіпорын саласы мен жұмысшылар табысы
- В) Кәсіпорында салық, басқалай шығынды шегергеннен кейінгі пайда
- Г) Қаржылық ресурстар жиынтығы

2.Кәсіпорындағы рентабельділік көрсеткіші:

- А) Салық рентабельдігі
- Ә) Тарифтік рентабельдігі
- Б) Тиімділік рентабельдігі
- В) Өнім рентабельдігі
- Г) Құнды қағаз рентабельдігі

3. Шаруашылық субъекті қаржылық ресурсы:

- А) Үлкен тәуекелмен байланысты кәсіпорынның қызметі аясындағы инвестиция

- Ә) Шаруашылық субъектісінің қарауында болатын ақша ресурстарының жиынтығы
- Б) Қаржылық ұйымға сақтауға берілген ақша сомасы
- В) Инвестордың бағалы қағаздарға салған ақша қаражаттары
- Г) Кәсіпорынның пассиві

4. Кәсіпорын кірістілігін, табыстылығын, тиімділігін сипаттайтын көрсеткіш

- А) еңбек төлемі
- Ә) өндірілген өнім
- Б) рентабельділік
- В) қаржы көлемі
- Г) инвестиция

5 Негізгі қызметтен түскен табыс – бұл:

- А Өнімді өткізуден түскен табыстан сол өнімнің өзіндік құнының және кезең шығындарының айырмасы
- Ә Шығарылған өнімнің өзіндік құны + өнімді сатудан түскен түсім
- Б Шығарылған өнімге қосылатын нақты ақша бөлігін көрсететін таза түсімінің бір бөлігі
- В Кәсіпорынның жұмысшы еңбегімен шығарылған қажетті өнім көлемі және барлық қосымша өнім
- Г Өнімді өткізуден түскен табыстан сол өнімнің өзіндік құнының айырмасы

6 Кәсіпорынның операциялық қызметінен түсетін пайдасы 450000 теңгені құрайды. Шығарылған өнімдерін өткізуден түскен табысы 1 220 222 тг. Сату рентабельділігін анықтау керек.

- А 36.9 %
- Ә 271.1 %
- Б 3.69 %
- В 27.1 %
- Г 64.4 %

7 Кәсіпорынның операциялық қызметтен түсетін пайдасы - 300000 теңге. Жалпы шығындары 750 000 теңге. Өнім рентабельділігін табу керек.

- А 40 %
- Ә 2,5 есе
- Б 50 %
- В 25 %
- Г 30 %

8 Өндірілген өнім көлемі 45 дана құрайды. Өнімнің бағасы 150 теңге. Өнімді өткізуден түсетін табыс қаншаға тең?

- А 67500 тг
- Ә 3000 тг
- Б 7750 тг
- В 6750 тг
- Г 195 тг

Дұрыс жауаптары:

1. B)
2. B)
3. Ә)
4. Б)
5. A)
6. A)
7. A)
8. B)